

Республиканың сейсмикалық қауіпті аймақтарында қиратқыш жер сілкіністерінің залалын төмендету жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 26 тамыздағы N 1286

"Табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдайлар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес және Қазақстан Республикасының сейсмикалық қауіпті аймақтарында болуы мүмкін қиратқыш жер сілкінісінің залалын төмендету, сейсмикалық қауіптілікті бағалау және жер сілкіністерін болжау жөніндегі зерттеулерді дамыту, үйлер мен ғимараттарды, қосымша жарақтандыруды нығайту, авариялық-құтқару қызметтері мен бөлімшелерін, халықты хабарландыру жүйелерін даярлыққа келтіру, қажетті материалдық-техникалық ресурстардың қорын құру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы:

Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитетімен келісім бойынша бір ай мерзім ішінде сейсмикалық байқау, жер сілкіністерін болжау және олардан болған залалды бағалау жөніндегі 1997-2002 жылдарға арналған мақсатты ғылыми-техникалық бағдарламаны қарасын және бекітсін, және оның Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясына іргелі зерттеулерге арналып бөлінетін республикалық бюджеттің қаражаты есебінен бірінші кезекті қаржыландырылуын қамтамасыз етсін;

Сейсмологиялық тәжірибе-әдістемелік экспедицияның сейсмологиялық байқаулар жүргізуі жөніндегі жұмыстардың кешеніне арналған қажетті қаржы-қаражатының толық көлемде бөлінуін қамтамасыз етсін;

Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің Құрылыс және сәулет-қала құрылысын бақылау агенттігімен бірлесіп, жаңа деректерді ескере отырып, 1997 жылы Қазақстан Республикасының аумақтарын сейсмикалық аудандастыру картасын жасасын және басып шығарсын;

1997 жылы мүдделі орталық және жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп көмірсутегі шикізатын қарқынды игеру аумақтарын сейсмикалық аудандастыру жөніндегі жұмыстарды ұйымдастырсын.

2. Алматы, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан облыстарының және Алматы қаласының әкімдері:

үш ай мерзім ішінде Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитетімен келісім бойынша көзделген шараларды қаржыландыру көздерін айқындай отырып, халықты және аумақтарды қорғау, мүмкін болатын қиратқыш жер сілкіністерінен залалдарды төмендету жөніндегі мақсатты аумақтық

бағдарламаларды қайта қарасын және бекітсін.

Ғылым министрлігі - Ғылым академиясымен келісім бойынша 1997 жылы жер сілкінуі мүмкін аудандарда сейсмологиялық байқаудың қосымша пункттерін, оның ішінде Алматы облысында - кемінде 9 пункт, Шығыс Қазақстан облысында - кемінде 4 пункт, Оңтүстік Қазақстан және Жамбыл облыстарында әрбір облыста кемінде 2 пункт ұйымдастырсын және жабдықтасын;

министрліктермен және ведомстволармен, пәтер иелерінің кооперативтерін қоса алғандағы меншіктің барлық нысандарындағы кәсіпорындармен және ұйымдармен бірлесіп 1997-1998 жылдары қажетті қаржы қаражатын тарту жөнінде қосымша шаралар қабылдасын және мектептерді, мектеп жасына дейінгі балалар мекемелерін, ауруханаларды, емханаларды, барынша қауіпті объектілерді, тыныс-тіршілік объектілерін, тұрғын үйлерді, адамдар көп болатын объектілерді жер сілкінісіне қарсы нығайтуға айрықша назар аудара отырып, сейсмикалық берік емес үйлер мен ғимараттарды жер сілкінісіне қарсы нығайту немесе бұзу жөніндегі жұмыстарды ұйымдастырсын.

3. Табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдайларды жоюды қоса алғанда, төтенше жағдайлар мен шараларды қаржыландыру үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервтік қорынан 225 (екі жүз жиырма бес) млн. теңге сомасында:

1) мемлекеттік үйлер мен ғимараттарды жер сілкінісіне қарсы күшейту жөніндегі жұмыстарды жүргізуге - 190 млн. теңге, олардан:

Алматы қаласының әкіміне - 64 (алпыс төрт) млн. теңге;

Алматы облысының әкіміне - 77 (жетпіс жеті) млн. теңге;

Жамбыл облысының әкіміне - 19 (он тоғыз) млн. теңге;

Оңтүстік Қазақстан облысының әкіміне - 19 (он тоғыз) млн. теңге;

А.Н.Сызғанов атындағы Хирургия ғылыми орталығы үшін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігіне - 11 (он бір) млн. теңге;

2) республикалық сейсмологиялық байқау және жер сілкінісін болжау жүйесін дамыту мен қайта жаратандыруға:

Сейсмология институты үшін Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясына - 35 (отыз бес) млн. теңге (олардан 31 (отыз бір) млн. теңгені жаңа болжамдық байқау станциялары мен пункттерін құруға және олардың жұмыс істеп тұрғандарын қайта жаратандыруға және 4 (төрт) млн. теңгені сейсмологиялық байқаулар мен жел сілкінісін болжаудың республикалық жүйесінің айрықша жұмыс режимін жүргізу кезінде қосымша жалақы төлеуді қоса алғандағы жер сілкінісін болжау жөніндегі қосымша байқауларды ұйымдастыруға және жүргізуге байланысты еңбекақы төлеуге көздеп) бөлінсін.

4. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қаржы бақылау комитеті бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуына бақылау жасауды қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасының Энергетика және табиғи ресурстар министрлігі, Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы мүдделі орталық және жергілікті атқарушы органдармен, меншік нысандарына қарамастан кәсіпорындармен және ұйымдармен бірлесіп, 1997-1998 жылдардың ішінде тиісті бюджеттер мен шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаражаты есебінен көмірсутегі шикізатының пайдаланылып отырған кен орындарына сейсмомониторинг жүйелерін құруды және енгізуді ұйымдастырсын.

6. Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитетіне Талғар кешенді сейсмологиялық экспедициясы мен Николаев тереңдіктік сейсмологиялық станцияның мемлекеттік мүлкін жедел басқару құқығы берілсін. Қазақстан Республикасы қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік пен активтерді басқару департаменті беруді бір ай мерзім ішінде белгіленген тәртіппен жүзеге асырсын.

7. Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің Құрылыс және сәулет-қала құрылысын бақылау агенттігі:

республиканың сейсмикалық қауіпті аймақтарында сейсмикалық берік үйлер мен ғимараттардың құрылысын салу жөніндегі нормалар мен ережелердің сақталуына айрықша назар аудара отырып, жаңа объектілер құрылысының сапасына тиісті бақылау ж а с а у д ы қ а м т а м а с ы з е т с і н ;

1997 жылы "Қазақстан Республикасының сейсмикалық қауіпті аудандарында құрылыс салудың" жаңа құрылыс нормалары мен ережелерін (ҚНЖЕ) бекітсін;

облыстардың және Алматы қаласының әкімдерімен бірлесіп тектоникалық опырылымдар аймақтарында, сондай-ақ сырғыма, сел және көшкін қаупі бар аумақтарда құрылыс салуға жол бермеу жөнінде түпкілікті шаралар қабылдасын.

8. Министрліктердің, ведомстволардың және ұйымдардың басшылары 2 айлық мерзім ішінде өз авариялық-құтқару құралымдары мен қызметтерін қажетті кадрлармен , мүлікпен, жабдықтармен жеке қорғаныс құралдарымен, техникамен және құрал-саймандармен толықтыру жөнінде шаралар қабылдасын, олардың тұрақты даярлығын қамтамасыз етсін.

9. Облыстар мен Алматы қаласының әкімдері, Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі, Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитеті хабарландыру және байланыс жүйелерінің тұрақты даярлығын қамтамасыз е т у м а қ с а т ы н д а :

бір айлық мерзім ішінде аудандарға дейін қоса алғанда төтенше жағдайлар кезінде байланысты ұйымдастырудың кестесін әзірлесін және бекітсін және үш айлық мерзім ішінде облыстық және аудандық орталықтардың арасындағы тәулік бойғы тұрақты радио байланысын қамтамасыз етсін;

1997 жылы хабарлау белгілері мен шұғыл ақпараттарды теле және радиохабарларын тарату компаниялары (меншік нысандарына қарамастан) арқылы, сондай-ақ авариялық қызметтер мен құқық қорғау органдарының қызметкерлері

арқылы беру мәселелерін пысықтасын;
1997-1998 жылдардың ішінде Оңтүстік Қазақстан облысында хабарландыру жүйесін қайта жаңартуды аяқтасын;

1997-1998 жылдары Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитеті мен Төтенше жағдайлар жөніндегі облыстық басқармалар жедел кезекшісінің жұмыс орнынан хабарландыру желілерін автоматтандырылған арақашықтық басқаруды қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстарды аяқтасын.

10. Облыстар мен Алматы қаласының әкімдері, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі, Денсаулық сақтау министрлігі, Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы, Энергетика және табиғи ресурстар министрлігі, Қорғаныс министрлігі, Экономика және сауда министрлігі, Ауыл шаруашылығы министрлігі, Көлік және коммуникациялар министрлігі, Экология және биоресурстар министрлігі, Қаржы министрлігінің Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі комитеті, "Алаугаз" акционерлік компаниясы Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитетімен келісім бойынша үш айлық мерзім ішінде төтенше жағдайлар жөніндегі республикалық автоматтандырылған ақпараттық-басқару жүйесіне барынша қауіпті төтенше жағдайлардың алдын алу жөніндегі шаралар, азаматтық қорғаныс күштері мен құралдары дайындығының жай-күйі, табиғи зілзалалардың, авариялардың, апаттардың болу қаупі немесе пайда болуы туралы, төтенше жағдайлар болған аймақтардағы жедел ахуал мен олардың зардаптарын жоюдың барысы туралы компьютераралық байланыс бойынша тұрақты негізде ақпараттар беруді қамтамасыз етсін.

11. Көлік және коммуникациялар министрлігі Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитетімен бірлесіп:

екі айлық мерзім ішінде төтенше жағдайларда халықты тасымалдау мен көшіруді ұйымдастыру жөніндегі өзара іс-қимылдың жоспарларын, сондай-ақ зілзала аймақтарына төтенше жағдайларды жою үшін бөлінген күштер мен қаражаттарды жеткізудің жоспарларын нақтыласын;

1998 жылы бейбіт және соғыс уақытындағы төтенше жағдайларда Қазақстан Республикасының халқы мен мемлекеттік басқару органдарын хабарландырудың республикалық және облысшілік орталықтандырылған жүйелерін жаңартудың ж о б а л а р ы н ә з і р л е с і н ;

қауіпті жүктермен жұмыс істеу үшін мамандар даярлау жөнінде ұсыныс дайындасын және мемлекеттік тапсырыстың құрамына кіргізу үшін Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігіне енгізсін.

12. Алматы, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан облыстары мен Алматы қаласының әкімдері, Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитеті, министрліктердің, ведомстволардың, меншік нысанына қарамастан кәсіпорындар мен ұйымдардың басшылары 1998 жылы барынша

ЕСКЕРТУ. Қосымша жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999.08.20. N 1205 қаулысымен .

Қазақстан Республикасының министрліктері мен агенттіктеріндегі Азаматтық қорғаныс

және төтенше жағдайлар қызметтерінің

Тізбесі

Қазақстан Республикасының министрліктері, агенттіктері	Азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайлар қызметі
Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі қызметі	Қоғамдық тәртіпті қорғау
Қазақстан Республикасының Төтенше агенттігі	Өртке қарсы қызмет жағдайлар жөніндегі
Қазақстан Республикасының Денсаулық және спорт министрлігі	Дәрігерлік қызмет сақтау, білім
Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі	Ақпарат және хабарлау қызметі
Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі	Сауда және тағам қызметі Химиядан қорғау қызметі Инженерлік қызмет Энергетика қызметі Жанар - жағар май материалдары қызметі
Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі қызметі	Жануарлар мен өсімдіктерді қорғау
Қазақстан Республикасының Көлік, коммуникациялар және туризм министрлігі	Хабарлау және байланыс қызметтері Көлік қызметі Жол және көпір қызметі (коммуналдық меншікке берілген жолдардан басқа)
Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі	Радиациялық қорғау қызметі (Атом энергиясы агенттігі)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК